

**Педагогикалық кеңес отырысының
№ 3 ХАТТАМАСЫ**

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі білім беру процесінде кіші топтарда денсаулық сақтау технологияларын қолдану»

Өткізілген күні: «08» 01. 2024 ж.

Өткізілген орны: «Балбөбек»бөбекжайы» КМҚК

Қатысқандар саны: 28

Күн тәртібі

1. Кіші топ балаларымен жұмыс барысында денсаулық сақтау технологияларын қолданудың маңыздылығы.
2. Денсаулық сақтау технологияларының түрлері және оларды ұйымдастыру жолдары.
3. Педагогтердің іс-тәжірибесімен алмасуы.
4. Қаулы қабылдау.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша:

Әдіскер М.К.Каргатаева баяндама жасап, мектепке дейінгі ұйымдағы денсаулық сақтау технологияларының негізгі мақсаты – балалардың денсаулығын сақтау, нығайту және салауатты өмір салтына баулу екенін атап өтті.

Кіші топтағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың дене және психикалық денсаулығын қорғауға бағытталған жұмыстардың маңыздылығы айтылды. Денсаулық сақтау технологияларын жүйелі қолдану балалардың қозғалыс белсенділігін арттырып, аурудың алдын алуға және эмоционалдық жайлылықты қамтамасыз етуге ықпал ететіні атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші Т.М.Сағынаева кіші топтарда қолданылатын денсаулық сақтау технологиялары туралы баяндады. Атап айтқанда:

- * таңертеңгілік жаттығулар;
- * сергіту сәттері;
- * тыныс алу жаттығулары;
- * саусақ гимнастикасы;
- * көзге арналған жаттығулар;
- * қимылды ойындар;
- * релаксациялық жаттығулар;
- * шынықтыру шаралары;
- * денсаулық жолақтары арқылы жүру;
- * психологиялық жайлы орта қалыптастыру технологиялары.

Сонымен қатар күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау және қауіпсіз орта құру мәселелері қарастырылды.

Үшінші мәселе бойынша:

Педагогтер денсаулық сақтау технологияларын күнделікті іс-әрекеттерде қолдану тәжірибелерімен бөлісті. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған тиімді әдістер мен ойын түрлері талқыланды.

Қаулы етеді

1. Кіші топтарда денсаулық сақтау технологияларын білім беру процесіне жүйелі түрде енгізу.
2. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес сауықтыру және профилактикалық жұмыстарды тұрақты ұйымдастыру.
3. Таңертеңгілік жаттығуларды, сергіту сәттерін және қимылды ойындарды күнделікті өткізу.
4. Балалардың психологиялық және эмоционалдық саулығын қамтамасыз ету мақсатында қолайлы орта қалыптастыру.
5. Ата-аналар арасында салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарын күшейту.
6. Денсаулық сақтау технологияларын қолдану бойынша педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру жұмыстарын жалғастыру.

«Балбөбек»бөбекжайы»КМҚК
меңгерушісі:
Хатшы:



М.К.Каргатаева
Г.Ж.Ермекбаева